

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

«М. АРЫН АТЫНДАҒЫ ҚАРҒАЛЫ
ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

БҰЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТИУБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТОБЕ»

КГУ «КАРГАЛИНСКАЯ КАЗАХСКАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА ИМЕНИ М.АРЫНА»

ПРИКАЗ

2024 жылғы «02» қыркүйек
Ақтөбе қ.

№226

«02» сентябрь 2024 года
г.Ақтөбе

*«Инклюзивті білім беруді қолдау
кабинетін ашу туралы»*

2023 жылдың 1 наурызындағы Ақтөбе облысының әкімі Е.Тоғжановпен және ҚР Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаевпен бекітілген «Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған аймақтық жол картасын» орындау негізінде және ҚР Ақтөбе облыстық білім басқармасы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2024 жылғы 27 тамыз күнгі №393 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. «М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектеп» КММ базасында инклюзивті білім беруді қолдау мақсатында инклюзивті қолдау кабинеті ашылсын.
2. Инклюзивті білім беруді қолдау кабинетінің жұмысының жүргізілуі, ерекше білімді қажет ететін балалардың білім алуына жағдай жасау мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Рахманкуловаға жүктелсін.
3. «М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ-сі штаттық кестесіне қажетті өзгерістер енгізілсін.
 - 3.1. Инклюзивті білім беруді қолдау кабинетінің жұмысы жүргізілуі үшін қажетті психолог, дефектолог, логопед, педагог ассистент қызметкерлерімен қамтамасыз етілсін.
 - 3.2. Инклюзивті қолдау кабинетінің педагог қызметкерлеріне ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес (4 қосымша, 2.4) БЛА-дан 40% қосымша ақы мөлшері белгіленсін.

Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталықтың (кабинеттің) қызметін ұйымдастыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже жалпы білім беруде инклюзивті білім беруді дамытуда ерекше білім беруге қажеттілігі (бұдан әрі ЕБҚ) бар балалар үшін, сапалы білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған, Қазақстан Республикасы білім беру саясатының басым бағыттарының бірі негізінде құрылған инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ресурстық орталық (бұдан әрі-Орталық) қызметін, міндеттерін, ұйымдастырылуын және мазмұнын анықтайды.

2. Ереже балалардың білім алуға тең құқылы ұстанымын қарастыратын ҚР білім беруді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді енгізу үдерістеріне ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

3. Орталықтың қызметі инклюзивті білім беру тәжірибесінде, нәтижелі білім беруге жету үшін білім беру қызметін жүргізуге, ақпаратқа, материалдық, ғылыми, әдістемелік және интеллектуалдық ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

4. Орталықтың қызмет тұтынушылары: ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалар, олардың ата-аналары (заңды өкілдері), инклюзивті білім жүйесіне кіретін жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері.

1. Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталығын (кабинетін) ұйымдастыру (күру)

Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталық (кабинет) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жалпы білім беру ұйымдарында құрылады, олардың кемінде 5 жыл бойы инклюзивті білім беру практикасының тұрақты оң тәжірибесінің болуы және басқа жалпы білім беру ұйымдарына ақпараттық, әдістемелік қолдау көрсетулері үшін кадрлық, нормативтік, бағдарламалық- әдістемелік, материалдық-техникалық ресурстары болуы қажет.

Білім беру ұйымы ресурстық орталық (кабинет) мәртебесін алуы үшін және кеңес беруге қажетті дағдылар мен ресурстарға ие болуы үшін, өз инклюзивті білім беру практикасын дамытудың және мінез- құлықтың толерантты мәдениетін қалыптастырудың бірнеше шартты кезеңдерінен өтуі тиіс.

1 - кезең. Дайындық кезеңі. Орта білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі идеяларымен сәйкес келетін инклюзивті білім беру принциптерін білім

беру ұйымының барлықұжымында ұстануды және түсінуді қалыптастыру
2- кезең. ЕБҚ бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке тәжірибесін қалыптастыру

3-кезең. инклюзивті білім беру практикасының тұрақты дамуы әкімшілік, мамандар, педагогтар басқа білім беру ұйымдарындағы әріптестерімен және әлеуметтік серіктестермен қарым-қатынас

2.Ресурстық орталықтың (кабинеттің) мақсаты мен міндеті

5. Инклюзивті қолдау кабинетінің қызметінің басты мақсаты жалпы білім беру мектептерінде инклюзивті (интеграциялық) білім беру жағдайында арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда тәрбиелік және түзету процестерін ұйымдастыру, әдістемелік, ақпараттық сүйемелдеу болып табылады.

6. Инклюзивті қолдау кабинетінің міндеттері:

1) Инклюзивтік білім беру саласындағы жалпы білім беретін мектептеріндегі мұғалімдердің білім беру мүмкіндіктерін анықтау;

2) ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік бейімдеу және интеграциялау тәжірибесін талдау және жүйелеу;

3) инклюзивті білім беру саласындағы білім беру қызметін жүзеге асыру;

4) оқу – тәрбие үрдісіне жоғары құзыреттілігі бар инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу;

5) инклюзивті білім беру және арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсету;

6) инклюзивті білім беру беру жағдайында басқару дағдыларын дамыту, білім беру саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалану, педагогикалық тәжірибені жедел меңгеру, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық әдістері туралы педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналарға кеңес беруді ұйымдастыру;

7) басқару мен білім беру үдерісінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті оқытуға арналған инновациялық технологияларды енгізу бойынша желілік өзара әрекеттестікті кеңейту;

8) педагогикалық қоғамды инклюзивті білім беру жұмысының нәтижелері мен мектептердің сайттарында және бұқаралық құралдарында әдістемелік материалдарды орналастыру арқылы таныстыру.

3.Орталықтың (кабинеттің) негізгі қызметі

7. Әдістемелік - ұйымдастыру жұмыс:

1) шеберлік-класстар мен семинарларды дайындау және өткізу. Инклюзивтік білім беруді қолдайтын Орталықтың тұтынушыларына

арналған тренингтер өткізу;

2) Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша әдістемелік кеңес беруді ұйымдастыру.

8. Ақпараттық-кеңес беру жұмысы:

1) жалпы білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогикалық тәжірибені зерделеу және қалыптастыру;

2) оқу үрдісін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды, әдістерді, үлгілерді (формаларды) тестілеу;

3) арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) медициналық әлеуметтік және құқықтық сұрақтар, тәрбиелеу және дамыту бойынша кеңес пен әдістемелік көмек көрсету;

4) Орталық тұтынушыларының барлық санаттары үшін білім беру және түзету процестерін ақпараттық, әдістемелік және консультациялық қолдау

4. Ресурстық орталықтың (кабинеттің) қызметін ұйымдастыру

10. Орталық қалалық білім басқармасының бұйрығымен құрылады және өз жұмысын тоқтатады.

11. Орталық пен жалпы білім беретін мектептердің арасындағы қарым-қатынастар, олардың арасында жасалған келісімдермен реттеледі.

12. Орталық қызметтерін тұтынушылармен жұмыс формаларын дербес таңдайды: мектептердің әдістемелік бірлестіктерінің басшылары, білім беру мектебінің мұғалімдері, білім беру ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары (занды өкілдері).

13. Орталық инклюзивті (интеграцияланған) білім беру мәселелері бойынша тәжірибе тарату семинарларының, шебер-класстардың, тренингтердің, дөңгелек үстелдердің және басқа да нысандардың бастамашысы және ұйымдастырушысы болуы мүмкін.

14. Орталықтың жұмысын ұйымдастыру және үйлестіруді Орталық мамандарының жұмыс тобы жүзеге асырады.

15. Жұмыс тобы:

1) Орталықтың жұмыс жоспарын құрастырады;

2) жоспар бойынша іс-шараларды дайындауды және өткізуді ұйымдастырады;

3) Орталықтың тәжірибесін жинақтайды;

4) Орталық жұмысы туралы жыл сайынғы талдамалық есепті дайындайды

6. Қорытынды

Ресурстық орталықтар (кабинеттер) жалпы білім берудің инклюзивтілігін дамыту тәжірибесін беруге ниет білдіре отырып, жаңартылған мазмұн және инклюзивті білім беру идеяларының қандай теориялық және практикалық мәселелері бойынша толығымен сәйкес келетінін түсінулері керек. бұл ресурстарды ұлғайтуға және мектептердің

4. Инклюзивті білім беруді қолдау кабинетінің Ережесі (қосымша 1).
- 4.1. Инклюзивті қолдау кабинетінің 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары (қосымша 2).
5. 2024 жылға бөлінген қаржы көлемінде қаржыландыруды мектептің бас есепшісі С.Т.Рахмановаға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалау оқу-ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Нурсултановқа жүктелсін.

/Директор



Ж.Т.Жанайдаров

